"Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының облыстық халық шығармашылығы орталығы" МКҚК жиналысының №1 хаттамасы

03 қазан 2025 жыл **Орал қаласы**

Қатысқандар: 7 адам
Комиссия төрағасы М.Жубатов
Мүшелері: Г.Куанышева
Н.Бердашева
А.Базаров
Э.Айсина
Ж.Султашева
Комиссия хатшысы А.Кайрлиева

Күн тәртібінде:

1.Қазақстанның халық жазушысы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Қадыр Мырза Әлінің 90 жылдығына орай аймақтық **«Күндер-ай»** әншілер байқауын жоғарды деңгейде өткізу үшін шығармашылық орталықтың материалдық-техникалық базасын одан әрі жетілдіру, сапасын арттыру бағытында концерт залының сахнасына қосымша жарықтандыру құрылғыларымен жабдықтау бойынша бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасау және қажетті жабдықтарды сатып алу мәселесі

Директор М.Жубатов - облыстық халық шығармашылығы орталығының облыс көлеміндегі жоспарлы мәдени шараларды жоғарды деңгейде ұйымдастыру, маңызды жобаларды жүзеге асыру, мекеменің материалдық жағдайын одан әрі жетілдіру, соның ішінде сахнаны жарықтандыру құрылғыларының қажеттілік мәселесі туындап отыр. Сондықтан да қажетті жабдықтарды бір көзден сатып алу тәсілімен стандарт талаптарына сай сахнаға жарықтандыру құрылғыларын сатып алу және құрылғыларды кәсіби мамандармен орнату көзделуде.

Бас есепші Г.Куанышева - мекеменің үнемделген қаражатынан мемлекеттік сатып алу порталымен қажетті жарықтандыру құрылғыларын сатып алу жөніндегі ұсынысына қолдау білдірді және әрбір құрылғылардың құны туралы түсініктеме беру жөнінде айтып өтті. Аталмыш жұмысты бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін кәсіпкерден: ТОО "LLP BT Group NUR", ИП «Ансар», ИП «Расул» бағалы ұсыныстар жинақталды.

Директордың орынбасары Н.Бердашева - шығармашылық орталықтың жоспарлы іс-шаралар негізінде Халықаралық, республикалық, облыстық байқау-фестивальдерін жоғары деңгейде ұйымдастыру және халыққа сапалы мәдени қызмет ұсыну үшін сахнаның материалдық жағдайын жаңарту мәселесі болып тұр. Сахнаға жарықтандыру құрылғылар оның ішінде прожекторлардың жетіспеуі мәдени шараларды сапалы өткізуге үлкен кедергілер туғызады. Сондықтан аймақтық «Күндер-ай» әншілер байқауына қарастырылған қаражатынан аталған құрылғыларды сатып алуға қолдау білдіремін.

Бөлім басшысы Э.Айсина– сахнаға толық көркем жарықтандыру құрылғылары жетіспейді және заманауи талаптарға сай келмейді.Аталған шарамыз жоғарғы дейгейде өту үшін жарықтандыру құрылғылар сатып алу өте маңызды. Сондықтан да сахналық жарық жүйесінің толықтай жаңартылғаны дұрыс мәселе. Қажетті құрылғыларды сатып алуды қолдаймын.

Әкімшілік-шаруашылық жөніндегі орынбасары А.Базаров - бүгінгі айтылған мәселелер өте орынды. Сондықтан да басшылықтың ұсынысына қолдау білдіремін. Халықтың сұранысына сай мәдени қызмет көрсету үшін материалдық базаны жаңартыр тұру керек. Сондықтан да қажетті жарықтандыру құрылғыларына тапсырыс беру жөніндегі ұсынысты қолдаймын. Мен де әріптесіміздің айтқанына толықтай қосыламын.

Мемлекеттік сатып алу бойынша маман Ж.Султашева - мемлекеттік сатып алу бойынша түсініктеме беріп, жарықтандыру құрылғыларының толық сипаттамасын беру жөнінде айтып өтті. Сахналық жарықтандыру құрылғылары талапқа сай болғаны дұрыс деп есептеймін. Барлық сахнадағы көріністі ашу үшін жарық құралдарының сапалы болғаны дұрыс. Сондықтан да сапалы құрылғыларға тапсырыс беру үшін кәсіпкерлердің де жұмысының сапалы болуы шарт. Сондықтан да мүмкіндік болса осы жағдайларды ескере отырып, заң аясында бір көзден мемлекеттік сатып алуды ұсынар едім. Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының 16 бабы 3 тармағы 32 тармақшасы негізінде аталмыш жағдайларды ескере отырып бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға болатындығын мәлімдеді.

Қабылданған шешім:

"Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының облыстық халық шығармашылығы орталығы" МКҚК -ның жиналыс отырысы бір көзден тіктіру тәсілімен мемлекеттік сатып алу

туралы жалпы құны 2800,0 мың теңгеге бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасу арқылы жарықтандыру құрылғыларын сатып алуға шешім қабылданды.

Комиссия төрағасы **М.Жұбатов**

мүшелері Г.Куанышева

Н.Бердашева

А.Базаров

Ж.Султашева

Э.Айсина

Хатшы А.Кайрлиева

«БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ АРХИВ ІСІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ХАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ОРТАЛЫҒЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ «ОБЛАСТНОЙ ЦЕНТР НАРОДНОГО ТВОРЧЕСТВА УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ, РАЗВИТИЯ ЯЗЫКОВ И АРХИВНОГО ДЕЛА АКИМАТА ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

03.10.2025 ж.

Орал қ.

ПРИКАЗ

128 н/қ

№

г. Уральск

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16 бабы 5,6 тармағы 506, 508 тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» туралы Заңының 16 бабы 3 тармағы 32 тармақшасына сәйкес 2025 жылғы Батыс Қазақстан облысы әкімінің бекітілген іс шаралар жоспары аясында ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Қадыр Мырза Әлінің 90 жылдығына орай «Күндер-ай» аймақтық әншілер байқауын жоғары деңгейде өткізу үшін шығармашылық орталықтың материалдық техникалық базасын жетілдіру, сапасын арттыру мақсатында көрермен залының сахнасын қосымша жарықтандыру құрылғыларын сатып алу үшін бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу ұйымдастырылсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуына жауапты мемлекеттік сатып алу маманы Ж.Султашеваға:

- жеткізуші ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16 бабы 6 тармағына сәйкес анықтасын;
- жеткізушіге веб-портал арқылы келісім шарт жобасы жіберілсін;
- бес жұмыс күнінен кем емес мерзімде веб-порталда бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы тікелей шарт жасалғаны жөнінде жариялансын.

3. ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5 бабы 1 тармағына сәйкес бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы тікелей шарт жасалуын және тәртібінің сақталуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Негіздеме: Бір көзден сатып алу әдісімен мемлекеттік сатып алу өткізу үшін комиссия құрамын бекіту туралы 03.10.2025 жылғы №127 н/қ бұйрық. Комиссия хаттамасы.

Директор **М.Жұбатов**

000089